

**«ҚАЗАҚСТАН ҚОЛДАНБАЛЫ ЭКОЛОГИЯ АГЕНТТІГІ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

БЕКІТЕМІН



КОДЕКС

К-405-01 Менеджменттің біріктірілген жүйесі	Алғашқы енгізілуі
ІСКЕРИ ЭТИКА КОДЕКСІ	Барлық беті: 17
Әзірлеген: <u>Құқықтық-келісімшарт бөлімінің бастығы</u>	<u>Байжуманова К.У.</u> Байжуманова К.У.
Келісілді: <u>МБЖ және ЭМЖ жөніндегі басшылық өкілі</u> <u>ҚТБ МЖ жөніндегі басшылық өкілі</u> <u>МБЖ жөніндегі менеджер</u>	<u>Сахариева Д.Б.</u> Сахариева Д.Б. <u>Каипов Р.Ю.</u> Каипов Р.Ю. <u>Скуднякова В.С.</u> Скуднякова В.С.

Енгізілген күні: «31» сентябрь 2012 ж.



Алматы қ.

Бұл құжат «Қазақстан Қолданбалы Экология Агенттігі» ЖШС-нің меншігі болып табылады. Осы құжатты ұйымның шегінен тыс орындарға табыстау тек МБЖ басшылығы өкілінің рұқсатымен жүзеге асырылады. Аталған құжаттың «№ жұмыс данасының» сипаттағы мөр таңбасы жоқ көшірмелері қадағаланбайды. Жұмыс данасын алу үшін, МБЖ жөніндегі Менеджерге хабарласу керек

МАЗМҰНЫ

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖОЛДАУЫ	3
КОДЕКС МИССИЯСЫ.....	4
КОДЕКСТІҢ КӨРІНІСІ.....	4
КІРІСПЕ	5
1. ІСКЕРИ ЭТИКА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ.....	6
2. ІСКЕРЛІК ЭТИКА НОРМАЛАРЫ.....	7
2.1. Лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің қарым-қатынас этикасы	7
2.2. Мемлекеттік органдармен қарым-қатынас этикасы	8
2.3. Еншілес және тәуелді ұйымдармен қарым-қатынас этикасы.....	9
2.4. Іскерлік серіктестермен қарым-қатынас этикасы.....	9
2.5. Қоғаммен қарым-қатынас этикасы	9
2.6. Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас этикасы.....	9
3. ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ.....	10
4. ҚҚЭА-ДЕГІ ІСКЕРЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ.....	10
4.1. Әріптестермен қарым-қатынас.....	10
4.2. Басшылық пен қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас	10
4.3. Корпоративтік мәдениет	11
4.3.1. Қызметкердің сыртқы келбеті және келіссөздер жүргізу этикасы	11
4.3.2. Корпоративтік мерекелер	11
4.3.3. Қызметкерлердің туған күндері	11
5. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ.....	11
6. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ	12
7. ЖАУАПКЕРШІЛІК	12
8. ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	13
9. КОДЕКСТІ ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ТАНЫСУ	13
10. ҚОРЫТЫНДЫ.....	14

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖОЛДАУЫ

Құрметті әріптестер,

«Қазақстан Қолданбалы Экология Агенттігі» ЖШС-нің («ҚҚЭА» ЖШС) жемісті қызметінің негізі бизнес қауымдастығына, серіктестерге, тапсырыс берушілерге, мемлекеттік укімет өкілдері мен «ҚҚЭА» ЖШС-нің жетістіктері мен оның дамуына үлес қосуды қамтамасыз етуде сенімділік пен құрметті қамтамасыз ететін корпоративті құндылықтар мен стандарттар болып табылады. Корпоративтік басқару мен оның тазалығы қағидаларына сүйену «ҚҚЭА» ЖШС-нің қоршаған ортаны қорғау бағытындағы әр түрлі бағдарламаларды жүзеге асыруда барынша белсенді қатынасуына ықпал етеді.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін «ҚҚЭА» ЖШС, осы Іскери этика Кодексінің маңызды құралы болып табылатын корпоративтік мәдениетке барынша көңіл бөледі, себебі қойылған міндеттер «ҚҚЭА» ЖШС-нің барлық қызметкерлерінің:

- «ҚҚЭА» ЖШС-нің міндеттері мен оған қол жеткізу мен оны қолдануды білуді;
- «ҚҚЭА» ЖШС-нің корпоративті мәдениетінің нормаларын ұстануды, корпоративтік беделдің мәнін түсінуді;
- өзінің іс-әрекеттерінің «ҚҚЭА» ЖШС-нің миссиясына сәйкестігін, сонымен қатар қабылданған корпоративтік басқару мен іскери этиканың қағидаларының маңыздылығын түсінуді талап етеді.

Осы Кодекс «ҚҚЭА» ЖШС барлық қызметкерлерінің олардың атқарып отырған лауазымдарына қарамастан басшылық құжат болып табылады және әр бір қызметкер Кодексті мұқият оқып, оның талаптарына сәйкес келуге ұмтылуда аса қажет деп есептеледі.

Кодексті ұстану дұрыс корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мен дамытуға ықпал етеді және «ҚҚЭА» ЖШС-нің атағы мен абыройын нығайтуға септігін тигізіп, болашақта «ҚҚЭА» ЖШС-нің жемісті дамуына көпіл болады.

Біздің жұмысымыздың әрбуін көрсететін және құндылықтар мен этикалық қағидалардан тұратын «ҚҚЭА» ЖШС-нің Іскерлік этика кодексін ұсынып отырмыз, сонымен қатар «ҚҚЭА» ЖШС-нің мінез-құлық стандарттарының бірыңғай стандарттары анықталған.

Корпоративтік этика қызметкерлерді бірыңғай әлеуметтік ағзаға біріктіретін негізгі элемент болып табылады. Қызметтің өнегелі бағыттарын нақты түсіну барлық бөлімшенің жолға қойылған жұмыстарына аса қажет. Жоғарғы этикалық стандарттарға бейімділік ұжымдағы және сыртқы әріптестер, қоғам мен мемлекеттік қарым қатынастарда сенімділікті сақтау мен оны нығайтуға көмектеседі.

Қазіргі таңда Іскери этика Кодексінің нормаларын сақтау «ҚҚЭА» ЖШС-нің беделін нығайтудағы нақты қадам болып табылады және болашақта тұрақты дамуды қамтамасыз етіп, қызметкерлердің жалпы мақсатқа қол жеткізулеріне септігін тигізеді. «ҚҚЭА» ЖШС-нің жетістіктері оның әр қызметкеріне байланысты. Сондықтан Іскерлік этика Кодексінің нақты ұстанымдары «ҚҚЭА» ЖШС-нің қызметкерлері үшін аса жоғарғы басымдық болуы тиіс.

**«ҚҚЭА»
ЖШС Басшылығы**

КОДЕКС МИССИЯСЫ

Іскерлік этика кодексі «ҚҚЭА» ЖШС-нің барлық мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауының этикалық жағын, корпоративтік қарым-қатынастардың этикалық нормаларын, сондай-ақ этикалық нормалардың ҚҚЭА және оның қызметкерлерінің күнделікті қызметіне әсер ету тетігін реттейтін құжат болып табылады.

КОДЕКСТІҢ КӨРІНІСІ

Іскерлік этика кодексі «ҚҚЭА» ЖШС-нің корпоративтік басқару тетіктерінің тиімділігін арттыруға және оның мүдделі тұлғалармен табысты өзара іс-қимыл жасауына ықпалын тигізуге арналған.

КІРІСПЕ

1. Осы Іскерлік этика Кодексі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, ҚҚЭА-нің Жарғысының және өзге де ішкі құжаттарының, соның ішінде іскерлік мінез-құлықтың және корпоративтік басқарудың танылған әлемдік стандарттарын ескеріп Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес әзірленді және іскерлік этиканың негізін қалаушы құндылықтары мен қағидаттарын, іскерлік өзара қарым-қатынастардың этикалық нормаларын белгілейді.
2. Осы Кодекстің мақсаттары:
 - 1) ҚҚЭА-нің Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлері өз қызметінде стратегиялық маңызды шешімдер қабылдау кезінде де, күнделікті жағдайларда да басшылыққа алатын негізгі құндылықтарды, қағидаттарды, іскерлік этика және мінез-құлық ережелері мен нормаларын бекіту;
 - 2) жоғары этикалық стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара құрмет және әдептілік атмосферасын қолдау;
 - 3) атқарып отырған лауазымына қарамастан ҚҚЭА-де барлық Қызметкерлер қабылдаған іскерлік этика нормаларын біркелкі түсіну және орындау;
 - 4) іскерлік қауымдастық тарапынан ҚҚЭА-не деген сенімді арттыру және сақтап қалу, нарықтың ашық және әділ қатысушысының беделін нығайту;
 - 5) Мүдделі тұлғалармен өзара тиімді іс-қимыл жасауға ықпал ету болып табылады .
3. Кодекс өзге де ішкі құжаттармен бірге қолданылады және ҚҚЭА лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлерінің іскерлік этика және іскерлік мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын қолдану бөлігіндегі қызметін сипаттайды.
4. Көрсетілген нормалар мен қағидаттар тізбесі жеткілікті болып табылмайды және белгілі бір алғышарттар немесе жағдайлар туындағанда, нақтылануы, өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.
5. Кодекс ережелері атқарып отырған лауазымына қарамастан ҚҚЭА Лауазымды тұлғаларына және барлық Қызметкерлеріне тарайды;
6. Кодексте мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:
 - 1) **ҚҚЭА** – «Қазақстан Қолданбалы Экология Агенттігі» ЖШС;
 - 2) **Іскерлік этика** – ҚҚЭА Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алатын этикалық қағидаттар мен іскерлік мінез-құлық нормаларының жиынтығы;
 - 3) **Лауазымды тұлға** – ҚҚЭА Дирекциясының мүшесі;
 - 4) **Мүдделі тұлға** – ҚҚЭА-мен құқықтық қарым-қатынасқа түсетін жеке және заңды тұлғалар;
 - 5) **Кодекс** – «Қазақстан Қолданбалы Экология Агенттігі» ЖШС-нің осы Іскерлік этика Кодексі;
 - 6) **Мүдделер қақтығысы**- ҚҚЭА Лауазымды тұлғасының не Қызметкерінің жеке мүдделілігі лауазымдық міндеттердің риясыз орындалуына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;
 - 7) **Корпоративтік мәдениет**-бұл ҚҚЭА тән құндылықтар, қағидаттар, мінез-құлық және қарым-қатынас нормалары;
 - 8) **Корпоративтік хатшы**- ҚҚЭА Дирекциясының мүшесі болып табылмайтын, сондай-ақ, өз қызметі шеңберінде ҚҚЭА Директорларының Жалпы кеңесі отырыстарының дайындалуын және өткізілуін, ҚҚЭА Дирекциясының қарауына шығарылатын материалдардың және Директорлар кеңесі материалдарының қалыптастырылуын қамтамасыз ететін, олардың тисті хаттамалар мен ҚҚЭА-нің басқа да ішкі актілерінің ресімделуіне қол жеткізудің қамтамасыз етілуін бақылайтын ҚҚЭА құқықтық-келісімшарт бөлімінің жетекшісі;
 - 9) **Қызметкер**- ҚҚЭА-мен еңбек қарым-қатынастарында болатын және еңбек шарты бойынша жұмысын тікелей орындайтын жеке тұлға.
 - 10) **Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік** – ҚҚЭА мен бизнестің өзара мүдделеріне жауап беретін, өзіне еркін түрде алған міндеттемелердің орындалуы;

7. ҚҚЭА лауазымды тұлғалармен, қызметкерлермен, еншілес және тәуелді ұйымдармен, мемлекеттік органдармен, серіктестермен, өзге де мүдделі тұлғалармен өзара қарым-қатынастарда стратегиялық маңызды шешімдер қабылдау үшін де, ҚҚЭА-нің Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлеріне кездесетін күнделікті жағдайларда да осы Кодекстің ережелерін қабылдайды және ұстанады

1. ІСКЕРІ ЭТИКА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

8. ҚҚЭА-нің қызметі солардың негізінде қалыптасатын негіз қалаушы корпоративтік құндылықтар мыналар болып табылады:

1) Құзыреттілік және кәсіпқойлық

Бірінші кезекте, ҚҚЭА жұмыс нәтижесі кәсіптік деңгейден алғанда мінсіз болуы тиіс. ҚҚЭА-нің Лауазымды тұлғалары, Қызметкерлері сапалы білімге, жұмыс тәжірибесіне, салмақты және жауапты шешім қабылдау қабілетіне ие болуы тиіс. ҚҚЭА міндеттер қойып қана қоймай, өз қызметкерлері үшін кәсіби білімі мен дағды деңгейін арттыруға, өзінің кәсіби шығармашылық қабілетін іске асыруға, әлеуетін дамытуға, мансап жағынан өсу перспективасына ие болуға мүмкіндік беретін жағдай жасайды.

ҚҚЭА өз Қызметкерлерінде және олардың жұмысында мыналарды:

- ҚҚЭА стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталуын (ҚҚЭА Саясаты);
- өз қызметіндегі кәсіпқойлығын және өзінің кәсіби деңгейін арттыруға ұмтылысын;
- лауазымдық міндеттерді орындау кезіндегі бастамашылдығын және белсенділігін;
- тәртіптілігін және жауаптылығын;
- қызметкерлер арасындағы өзара қолдауды, ҚҚЭА жас мамандарына көмек және оның ардагерлеріне құрмет көрсетілуін бағалайды.

2) Адалдық және аламаушылық

Адалдық және аламаушылық- ҚҚЭА қызметінің, оның іскерлік беделінің «іргетасы», ҚҚЭА жеке мүдделер мен кәсіби қызмет арасындағы қақтығысқа жол бермейді. Алдау, жасыру және жалған мәлімдеу ҚҚЭА Лауазымды тұлғасының, Қызметкерінің мәртебесімен үйлеспейді.

3) Жауапкершілік

Жауапкершілік- ҚҚЭА қызметі сапасының кепілдігі. ҚҚЭА заңнама, шарттық қарым-қатынас, іскерлік айналым салттары және моральдық- құлықтық қағидастардың талаптарымен белгіленген міндеттемелер бойынша жауапты болады. ҚҚЭА мемлекеттің және қоғамның алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін сезінеді.

4) Ашықтық

ҚҚЭА барынша ашық болуға және ҚҚЭА қызметтері мен оның жетістіктері, қызмет нәтижелері туралы сенімді ақпаратқа ұмтылады. ҚҚЭА серіктестерін істің мән-жайы туралы шынайы, уақытылы хабардар етуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік пен есеп сапасын жақсарту негізінде ақпараттың ашықтығы мен қол жеткізімділігін арттыруға бағытталған. Сонымен бірге, ҚҚЭА Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын коммерциялық және өзге де құпияны құрайтын ақпараттың және мәліметтердің жария етілмеуін бақылайды.

5) Адам тұлғасын құрметтеу

ҚҚЭА Қызметкерлері мен серіктестері нәсіліне, тіліне, саяси және діни көзқарастарына, жыныстық, ұлттық және мәдени тиесілігіне қарамастан адал және әділ қарым-қатынасқа ие болуға құқылы.

9. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде ҚҚЭА:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтайды, мемлекеттік органдардың ҚҚЭА қызметіне қатысты өзге де құжаттардың шешімдерін орындайды;

2) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, тұрғын орнына немесе кез келген өзге жағдайға қарамастан адам және азамат құқықтарының, намысы мен абыройының сақталуын және құрметтелуін қамтамасыз етеді;

3) мемлекет нышандары-Елтаңба, Ту, Әнұранға құрметпен қарайды;

- 4) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтайды, мемлекеттік және басқа да тілдерді, барлық елдердің салттарын құрметтейді;
 - 5) әділ және адал әрекет етеді, пара және ұқсас теріс іскерлік дағдыны, сондай-ақ іскерлік дағдыда қабылданғандардан басқа (бұл ретте осындай сыйлықтар маңызды болмауы тиіс және жиі сыйланбауы/қабылданбауы тиіс) сыйлықтар сыйлау және алу дағдысын қабылдамайды;
 - 6) лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге қатысты әділ құрмет білдіреді және этикалық нормаларды сақтайды;
 - 7) оның мүдделі тұлғалармен барлық қарым-қатынастарының өзара тиімді болуына ұмтылады;
 - 8) қоршаған ортаға құрмет білдіреді және құнтты болады.
10. Жұмыстың тиімді ұйымдастырылуы ҚоҚЭА мен барлық мүдделі тұлғалар арасындағы өзара құқықтардың орындалуына негізделген. Өзара құқықтардың сақталуы-сындарлы жұмыстың қажетті шарты .

2. ІСКЕРЛІК ЭТИКА НОРМАЛАРЫ

2.1. Лауазымды тұлғалардың және Қызметкерлердің қарым-қатынас этикасы

11. ҚҚЭА-нің Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлері кәсіби функцияларын мүдделер қақтығысын болдырмай, ҚҚЭА мүдделерінде адал және ақылға қонымды орындауға міндеттеме алады.
12. ҚҚЭА Лауазымды тұлғалары ҚҚЭА-нің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін Іскерлік этиканың негіз қалаушы құндылықтары мен қағидаттарын ескере отырып іскерлік шешімдер қабылдайды және олардың алдына қойылған міндеттердің іске асырылуы үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және ҚҚЭА-нің ішкі құқықтық құжаттарында көзделген жауапкершілікте болады.
13. ҚҚЭА Лауазымды тұлғалары, Қызметкерлері лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке қарым-қатынасты немесе жеке пайданы емес, ҚҚЭА-нің мүддесін басшылыққа алуы тиіс.
14. Әрбір Қызметкер осы Кодексте көзделген қағидаттарды әділ ұстануы, еңбек және ұжымдық шарттардың, ішкі еңбек тәртібінің, лауазымдық нұсқаулықтардың және ҚҚЭА өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауы, сондай-ақ оларды бұзу немесе сақтамау үшін өзінің жеке жауапкершілігін сезінуі тиіс;
15. Жаңа Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде ҚҚЭА Қазақстан Республикасының заңнамасын және ҚҚЭА ішкі актілерінің талаптарын басшылыққа алады, анағұрлым жоғары біліктілікке және өндірістік тәжірибеге ие үміткерлерге басымдық береді және қандай да болмасын белгілер бойынша ешқандай кемсітушілікке жол бермейді. Кадрларды іріктеу және көтеру ҚҚЭА ішкі актілеріне сәйкес кәсіби қабілеті,білімі мен дағдысы негізінде ғана,жыныстық,нәсілдік,саяси,діни және басқа да ұқсас себептер бойынша қандай да болмасын кемсітушіліксіз жүзеге асырылады;
16. ҚҚЭА өз бетімен білім алуға және кәсіби дамуға ұмтылған Қызметкерлерді көтермелейді және Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту бағдарламаларына сәйкес барлық деңгейдегі Қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін тең және оңтайлы жағдай жасайды;
17. Сыйақы бағытындағы саясат Қызметкерлердің кәсіби сапасы мен қабілетін, олардың еңбек нәтижелерін және қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуін мойындауға және ҚҚЭА ішкі құжаттарына сәйкес ынталандыру мақсаттарында әлеуметтік пакет ұсынуға негізделеді.
18. ҚҚЭА-нің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясаты өз Қызметкерлері үшін таза және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді және тұрақты жақсартуды көздейді.
19. ҚҚЭА Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлері өздерінің жұмысқа деген көзқарасымен және іс-әрекетімен ұжымда тұрақты және оң жағдайдың қалыптасуына ықпал етуі тиіс.
20. ҚҚЭА-де жекелеген Лауазымды тұлғалар мен Қызметкерлерге міндетті түрде барлығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етіп, Қазақстан Республикасының заңнамасы және/немесе ҚҚЭА ішкі құжаттары негізінен басқадай, қандай да болмасын артықшылықтар мен жеңілдіктер ұсынуға жол берілмейді.
21. ҚҚЭА Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлері жоғары білікті жұмыс жасау үшін барлық күш-жігерін салуы, ҚҚЭА-нің мүлігін құнттылықпен қарауы,оны ұтымды және тиімді пайдалануы тиіс.

22. ҚҚЭ-де Лауазымды тұлғадан бастап шешім қабылдайтын кез келген Қызметкерге дейін осы процестің кез келген кезеңінде мүдделер Қақтығысының туындауынан тәуелсіз шешімдердің қабылдануы үшін жауапты болады.
 23. ҚҚЭ Лауазымды тұлғалары, Қызметкерлері өздерін оларға (немесе олармен байланысты тұлғаларға) қатысты да, басқаларға қатысты да мүдделер Қақтығысы туындауы мүмкін жағдайды болдырмайтын етіп ұстауы тиіс.
 24. Лауазымды тұлғалар мен Қызметкерлер құпиялылық нормаларын бұзбай және Директорлар кеңесінің сондай-ақ ҚҚЭ ішкі құжаттарының шешімдерін ескере отырып, бір біріне уақтылы шынайы ақпарат ұсынады.
 25. ҚҚЭ Лауазымды тұлғаларының шешімдер қабылдауы ашықтық және барабарлық қағидаттарына негізделуі тиіс.
 26. Лауазымды тұлғалар ҚҚЭ-мен немесе өзге мәселелермен байланысты мәмілелердегі, шарттардағы, жобалардағы кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы ҚҚЭ-нің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен дереу хабарлауы тиіс;
 27. Лауазымды тұлғалар шешуіне мүдделі мәселелер бойынша тікелей басшыны немесе жоғары басшылықты уақтылы хабардар етуі және оларды талқылауға және олар бойынша дауыс беруге қатысудан бас тартуы тиіс.
 28. Лауазымды тұлғалар, Қызметкерлер олардың мәртебесіне және лауазымына қарамастан өздерінің функционалдық міндеттерін орындаған үшін мыналарды:
 - олар тиісті функцияларды орындамайтын ұйымдар мен жеке тұлғалардан ақша, қызмет немесе өзге нысандарда сыйақы алуға;
 - ізеттілік пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзге де ресми іс-шаралар өткізу кезінде мезіреттік ілтипат көрсету белгілері мен мезіреттік кәдесыйларды қоспағанда, жұмыс бойынша оларға тәуелді тұлғалардан сыйлықтар немесе қызметтер алуға құқығы жоқ.
 29. Лауазымды тұлғалар мен Қызметкерлерге коммерциялық, қызметтік және заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны, осындай ақпаратты ұсыну туралы талап Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда жариялауға, сондай-ақ ақпаратты жеке мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады. Бұл ҚҚЭ ішкі нормативтік құжаттарымен, нұсқаулықпен және ҚҚЭ өзге де құжаттарымен реттеледі.
 30. Лауазымды тұлғалар, Қызметкерлер ҚҚЭ ішкі құжаттарында көзделген және ҚҚЭ құпия ақпаратының қауіпсіздік режимімен және жұмысымен байланысты ережелерді, тәртіп пен рәсімдерді сақтауы тиіс.
 31. Әрбір Қызметкер әріптестері мен серіктестеріне қатысты жыныстық, жастық, нәсілдік, саяси, діни және басқа да ұқсас себептермен кемсітушілікке жол бермеуі тиіс.
 32. Қызметкерлердің құқықтарын бұзуға әкелетін кез келген жағдай Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚҚЭ ішкі құжаттарына сәйкес қаралуы тиіс.
 33. ҚҚЭ Лауазымды тұлғалары, Қызметкерлері ҚҚЭ басшылығының тікелей тапсырмасынсыз немесе тікелей берілген өкілеттіктерінсіз ҚҚЭ атынан кез келген тақырапта көпшілік алдында сөз сөйлеуге, пікір білдіруге немесе сұхбат беруге жол бермеуі тиіс.
 34. ҚҚЭ Лауазымды тұлғалары, барлық деңгейдегі құрылымдық бөлімше басшылары Кодекстің талаптарына сәйкес келетін басқарушылық шешімдер қабылдауы тиіс, тіпті керек болса Кодекстің ережелерін ұстанатындығын өз әрекетімен көрсетуге ұмтылуы, консультациялар мен тәлімгерлікке, ұжымның ортақ миссиямен, құндылықтармен және қағидаттармен біріктірілген команда болып ұйымдасуына уақыт бөлуі тиіс..
- 2.2. Мемлекеттік органдармен қарым-қатынас этикасы**
35. ҚҚЭ мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасты Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚҚЭ Жарғысына және ішкі құжаттарына, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес, тараптар тәуелсіздігі негізінде жүзеге асырады. Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін ҚҚЭ мемлекеттік органдардың шешіміне, заңсыз әсер ету әрекеттеріне жол бермейді.

36. ҚҚЭА мемлекеттік органдар тарапынан да, ҚҚЭА Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлері тарапынан да сыбайлас жемқорлықты және басқа да заңсыз әрекеттерді болдырмау үшін барлық күш-жігерін салатын болады.

2.3. Еншілес және тәуелді ұйымдармен қарым-қатынас этикасы

37. ҚҚЭА еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара қарым-қатынасты заңнама талаптарына, ҚҚЭА Жарғысына және ішкі құжаттарына, ҚҚЭА еншілес және тәуелді ұйымдарының жарғыларына, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

2.4. Іскерлік серіктестермен қарым-қатынас этикасы

38. ҚҚЭА іскерлік серіктестермен өзара тиімділік, ашықтық және шарт талаптарына сәйкес өзіне қабылдаған міндеттемелер бойынша толық жауапкершілік қағидаттарында өзара әрекет етеді..

39. ҚҚЭА іскерлік серіктестермен жасалған келісім шарттардың/шарттардың талаптарын сақтайды және өздерінің оларға қатысты міндеттемелерін орындайды.

40. ҚҚЭА серіктестердің барлық өтініштерінің, ұсыныстары мен шағымдарының уақтылы және толық қаралуына кепілдік береді. Келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда келіссөздер мен ымыраға келуге басымдық берілетін болады.

41. ҚҚЭА ең аз баға, тауарлардың, қызметтердің ең жақсы сапасы мен жеткізу шарттарын ұсынатын және жақсы беделге ие тауарлар мен қызметтер жеткізушілерді таңдауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

42. ҚҚЭА шынайы және еркін бәсекелестікті қолдайды және беделіне теріс әсер етіп қана қоймай, сондай-ақ серіктестердің ҚҚЭА-ге сенімін жоюы мүмкін әділетсіз бәсекелестіктің барлық көріністерін айыптайды, осы орайда ҚҚЭА өз серіктестерінен адал бәсекелестікті күтеді..

43. ҚҚЭА өз қызметінде іскерлік серіктестерге негізсіз жеңілдіктер мен артықшылықтар ұсынуға жол бермейді.

2.5. Қоғаммен қарым-қатынас этикасы

44. ҚҚЭА өзінің қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін сезінеді.

45. ҚҚЭА өзін ол жұмыс істейтін және ол құрмет, сенім, адалдық пен әділдік қағидаттарына негізделген берік қарым-қатынастар орнатуға тырысатын қоғамдық ортаның ажырамас бөлігі ретінде қарайды. .

46. ҚҚЭА жаңа жұмыс орындарын құруға және Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға ұмтылады..

47. ҚҚЭА қоғамдық қарым-қатынастарды жетілдіру, өз өндірістік қызметінің қоршаған ортаға әсерін төмендету, ҚҚЭА Қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдармен (қоғамдық, үкіметтік емес және басқа) сындарлы қарым- қатынастар орнатуға ұмтылады..

48. ҚҚЭА беделі күмәнді заңды және жеке тұлғалармен ынтымақтастықтан бас тартуға өзіне міндеттеме алады.

49. Әлеуметтік жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасы, ҚҚЭА Жарғысы және ішкі құжаттары шеңберінде жүзеге асырылады, сондай-ақ ҚҚЭА Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексінің ережелерімен реттеледі.

2.6. Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас этикасы

50. ҚҚЭА ақпараттық саясаты ҚҚЭА туралы ақпаратты еркін алу және оған жеңіл қол жеткізу мүмкіндігін жасауды көздейді. ҚҚЭА корпоративтік веб-сайтында (<http://www.kape.kz>) жалпыға қол жеткізімді режимде ҚҚЭА, оның қызметі, филиалдары, байланыс деректері туралы ақпарат және т.б орналастырылған.

51. ҚҚЭА қызметіне қатысты мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарына беруге ҚҚЭА уәкілетті жауапты тұлғасы құқылы.

52. Бұқаралық ақпарат құралдарына мәлімет беретін ҚҚЭА қызметкерлері олардың шынайылығы және оларда коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ құпия сипаттағы мәліметтердің болмауы үшін жеке жауапкершілікте болады.

53. ҚҚЭА қызметкерлері ҚҚЭА қызметіне қатысты ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына ҚМГ басшылығының тапсырмасы бойынша немесе рұқсатымен және БАҚ-пен ынтымақтастық үшін жауапты жетекші құрылымдық бөлімшемен келісім бойынша бере алады.
54. Әрбір Қызметкер оның ҚҚЭА Қызметкері ретінде білдірген кез келген ұстанымы немесе таратқан ақпараты ҚҚЭАГ өзімен, оның имиджімен тікелей байланыстырылатындығын және оның іскерлік қоғамдастықтағы беделіне әсер ететіндігін түсінуі және әрқашан есте сақтауы тиіс.

3. ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

55. ҚҚЭА қолайлы қоршаған ортаны сақтау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі өзінің қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінеді, сондай-ақ қоғам осы салада ҚҚЭА алдында тұрған міндеттердің күрделілігі мен ауқымдылығын түсінеді.
56. ҚҚЭА Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық стандарттар талаптарын сақтайды.

4. ҚҚЭА-ДЕГІ ІСКЕРЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ

4.1. Әріптестермен қарым-қатынас

57. ҚҚЭА барлық Қызметкерлері арасындағы қарым-қатынас тең құқықты
58. Ұжымдағы қарым-қатынас қызметкерлердің көңіл-күйіне және жұмыс істеу ықыласына әсерін тигізеді, бұл көп жағдайда ҚҚЭА жұмысының нәтижесін анықтайды. Ыңғайлы жұмыс жағдайын жасай және қолдай отырып, қызметкерлер мынадай іскерлік этика нормалары мен ережелерін сақтайды:
- бір біріне құрметпен қарау;
 - жұмыс уақытында қызметтік міндеттерді орындаумен байланысты емес істермен айналыспау;
 - әріптестеріне өзінің нашар көңіл-күйін көрсетпеу;
 - бейпіл сөздер айтпау, сабырсыздық пен агрессия білдірмеу;
 - өзінің дерекі іс-әрекеті үшін әрқашан кешірім сұрау;
 - әріптестеріне көмектесу, білімімен және тәжірибесімен бөлісу;
 - әріптестері жоқ кезде олардың жеке немесе кәсіби қасиеттерін талқыламау;
 - сыпайы және әдепті болу;
 - өзгелердің пікірін назарға алу.

4.2. Басшылық пен қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас

59. Басшылық пен қызметкерлер арасында сындарлы кәсіби қарым-қатынас құру ҚҚЭА күнделікті тиімді жұмысы үшін және оның болашақ дамуы үшін қажет.
60. Басшыларға мынадай іскерлік этикет нормалары мен ережелерін ұстану ұсынылады:
- Қызметкерлерге этика және іскерлік этикет нормалары мен ережелерін жақсы меңгеру үлгісін көрсету;
 - қызметкерлерді басқа қызметкерлердің көзінше сынамау, мұны оңаша жасау;
 - қол астындағылар алдында қателіктерін мойындау және өз атына айтылған орынды сын үшін қудаламау.
61. Қызметкерлерге мынадай іскерлік этикет нормалары мен ережелерін ұстану ұсынылады:
- жұмыс орнында болмау себептері туралы тікелей басшыны кідіріссіз хабардар ету;
 - басшының әдепсіз іс-әрекетіне әріптестерінің көзінше жауап қайтармау, егер өділдігіне сенімді болса, жеке кездесу туралы өтініш жасау қажет;
 - ҚҚЭА басшыларын тануы және аты-жөнін білуі тиіс.

62. ҚҚЭА тыс еңбек қызметі бар болса Қызметкерлер:

- тікелей басшыны және ҚКБ басшысын жоспарланып отырған басқа ұйымдардағы өзге ақылы еңбек қызметі туралы хабардар етуге;
- қосымша еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімдеуге.
- олардың негізгі еңбек міндеттеріне әсерін тигізбейтін және ҚҚЭА имиджі мен мүдделеріне зиян келтірмейтін басқа ұйымдардағы өзге ақылы еңбек қызметін жүзеге асыруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚҚЭА ішкі құжаттарында көзделген коммерциялық және өзге қызметтік ақпараттың сақталу ережелерін орындауға міндетті.

4.3. Корпоративтік мәдениет**4.3.1. Қызметкердің сыртқы келбеті және келіссөздер жүргізу этикасы**

63. Қызметкерлерге өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде киім, аяқ-киім және шаш сәнін таңдауда ҚҚЭА байсалды және кәсіби имиджін қолдайтын іскерлік стильді ұстану ұсынылады.
64. Қызметкерлер келіссөздер жүргізу, соның ішінде телефонмен сөйлесу мәдениетінің ережелерін ұстануы қажет. Іскерлік келіссөздер байыпты, сыпайы жүргізілуі тиіс.
65. Қызметкерлердің телефонмен сөйлесе білу қабілеті жалпы ҚҚЭА туралы жақсы әсер қалдыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ телефонмен сөйлескен кезде, бір бөлмеде әріптестердің бар екендігін есте сақтау қажет және олардың жұмысына құнттылықпен қараған жөн, әрі қатты сөйлесіп олардың назарын аудармаған дұрыс. Ұялы телефонмен жеке әңгімелер бойынша сөйлескенде, оны орын-жайдан шығып сөйлескен абзал.
66. Кеңеске қатысқан кезде ұялы телефондарды сөндіру не оларды дыбыссыз режимге қою қажет. Жиналыста әріптестердің сөзін бөліп, дауыс көтермеу керек.

4.3.2. Корпоративтік мерекелер

67. Ұжымда мерекелік іс-шаралар жүргізу корпоративтік мәдениетті қалыптастырудың маңызды бөлшегі болып табылады. Компанияның туған күні, Жаңа жыл, Наурыз, Конституция күні, Республика күні, Тәуелсіздік күні, Экологтар күні дәстүрлі корпоративтік мерекелерге жатады. Мерекелік іс-шаралар ҚҚЭА ішінде және ҚҚЭА тыс жүргізіледі. Компания ішінде Қызметкерлер конференц-залға жиналады. ҚҚЭА басшылығының өкілдері құттықтаулармен сөз сөйлейді, жұмыста ерекше көзге түскен Қызметкерлерді грамоталармен, сыйлықтармен марапаттайды және т.б. ҚҚЭА тыс тойлаған кезде ұжым қала сыртына, табиғат аясына шығады, онда құрылымдық бөлімшелер музыкалық нөмірлер, би, ұлттық ойындар дайындайды. Жекелеген жағдайларда басшылықтың бастамасы бойынша Қызметкерлердің отбасы мүшелері шақырылады.

4.3.3. Қызметкерлердің туған күндері

68. ҚҚЭА Қызметкерлерінің туған күндерін тойлау еңбек ұжымының мүшелері үшін дәстүрлі болып табылады. Әр қызметкерді ресми түрде құттықтайды (құттықтау ашық хат, гүл шоғы, ҚҚЭА ішкі поштасында құттықтау). Қызметкерлердің туған күндерін тойлағанда жұмыс уақытынан басқа кезде (түскі үзілісте) жеңіл фуршетке (алкогольсіз сусындар, жеміс-жидек, торт, пирожное) қоюға рұқсат беріледі. Персоналдар жөніндегі менеджер ҚҚЭА ішкі почтасы арқылы туған күн иесіне ҚҚЭА ұжымы атынан құттықтау жолдайды. ҚҚЭА атынан сыйлықтар Қызметкерлерге сыйлықтар мерейтойларда, сонымен қатар ұжым мүшелерінің жеке тілектеріне байланысты ұсынылады. (құрылымдық бөлімше).

5. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

69. ҚҚЭА құпия ақпараты болып Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚҚЭА ішкі құжаттарына сәйкес, осындайларға жатқызылған ақпарат танылады..
70. Қызметкерлердің, соның ішінде лауазымды тұлғалардың қолында бар құпия сипаттағы кез-келген мәліметтер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, құпияда сақталады.

71. ҚҚЭА құпия ақпаратына қол жеткізуге рұқсаты бар қызметкерлер осындай ақпаратқа қол жеткізуге рұқсаты жоқ басқа қызметкерлерге, сондай-ақ ҚҚЭА тыс кез келген үшінші тұлғаларға оны жария етпеуі тиіс. Осындай шектеулер Қызметкер жұмыстан шыққаннан кейін де ҚҚЭА ішкі құжаттарымен және еңбек шартымен белгіленген уақыт барысында қолданылады.
72. Жұмыс күні барысында және ол аяқталған соң Қызметкер өз жұмыс орнынан кеткенде жұмыс үстелінде немесе басқа оңай қол жеткізімді жерде құпия ақпаратты қамтитын құжаттардың қалып қоймағандығына көз жеткізуі тиіс. Барлық осындай құжаттар шкафтар мен жәшіктерде құлыпталуы тиіс, ал компьютер сөндірілуі немесе бұғатталуы тиіс. Серіктестермен сөйлесу кезінде компьютердің экранындағы ақпаратты қоса алғанда Қызметкердің жұмыс үстеліндегі барлық құпия ақпарат сөйлесуші көзбен шолып көретіндей қол жетімді болмауы тиіс.
73. Құпия ақпарат (электрондық, жазбаша немесе басқа түрде) ҚҚЭА басшылығының тиісті тапсырмасынсыз ҚҚЭА тыс шығарылмауы тиіс. Жұмыстан шыққан кезде Қызметкер ҚҚЭА-ге тиесілі, ҚҚЭА туралы ақпаратты немесе көпшілікке арналмаған ақпаратты қамтитын барлық құжаттарды, файлдарды, компьютерлік тасығыштарды, есептемелер мен жазбаларды, сондай-ақ осындай ақпаратты қамтитын құжаттардың барлық көшірмелерін ҚМГ-де қалдыруға міндетті.

6. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

74. ҚҚЭА Қызметкерлері сияқты лауазымды тұлғалар да өздерінің кәсіби функцияларын адал және жете ұғынып, ҚҚЭА мүддесінде, қақтығыстарды болдырмай тиісті қамқорлықпен және сақтықпен орындайды.
75. Мүдделер қақтығысын анықтау және оны барабар реттеу ҚҚЭА қатысушыларының мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.
76. Лауазымды тұлғалар мен ҚҚЭА Қызметкерлері және/немесе оның аффилирленген тұлғалары мүдделер қақтығысын болдырмау мақсаттарында:
- ҚҚЭА корпоративтік ресурстары, ҚҚЭА басшылығы, Қызметкерлері, оның лауазымдық жағдайы және/немесе лауазымдық міндеттерін орындау барысында алынған ақпарат беретін мүмкіндіктерді өз мүдделеріне немесе жеке пайда табу үшін пайдаланбауы тиіс;
 - ҚҚЭА мен оның кез-келген аффилирленген тұлғасы арасындағы кез-келген қарым-қатынастарды қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға тікелей қатыспауы тиіс;
 - мүдделер қақтығысына әкеліп соқтыруы ықтимал қандай да болмасын; қызметке қатыспауы тиіс;
 - туындаған қақтығыстар қолданыстағы заңнама шеңберінде, қақтығысқа тартылған тараптардың заңды мүдделерін ескере отырып шешілуі үшін бар күш-жігерін салуға міндетті;
 - ҚҚЭА тікелей алатын кірістерін қоспағанда, қандай да болмасын сыйлықтар алмауы немесе кез келген басқа үшінші тұлғалардан өздерінің ҚҚЭА-дегі қызметімен байланысты пайда көрмеуі, сондай-ақ функционалдық міндеттерін орындағаны үшін көтермелеу ретінде қандай да болмасын кіріс немесе пайда алмауы тиіс. ҚМГ ізеттілік пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес, сондай-ақ хаттамалық және өзге де ресми іс-шаралар өткізу кезінде мезіреттік ілтипат көрсету белгілері мен мезіреттік кәдесыйларды қоспағанда, сыйлықтар қабылдауға немесе пайда көруге жол бермейді.
77. ҚҚЭА-де мүдделер қақтығысын реттеу осы Кодекспен және ҚҚЭА-дегі өзге де ішкі құжаттарымен регламенттелген.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК

78. Осы Кодекс нормаларын сақтау ҚҚЭА барлық Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлері үшін міндетті болып табылады..

Осы Кодекске сәйкес этикалық нормаларды бұзудың барлық фактілері Қазақстан Республикасы заңнамасының және ҚҚЭА ішкі құжаттарының нормаларына сәйкес қаралуы тиіс

8. ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

79. Осы Кодекс ҚҚЭА ішкі нормативтік құжаты болып табылады Лауазымды тұлғалардың және атқарып отырған лауазымына қарамастан барлық Қызметкерлердің орындауы үшін міндетті болып табылады..
80. ҚҚЭА Қызметкерлердің Кодексті ашық талдауын қолдайды және оны жетілдіру жөніндегі кез келген сындарлы ұсыныстарға оң қарайды.
81. Кодекс ережелеріне қатысты мәселелер және/немесе жұмыс барысында туындаған этикалық мәселелер бойынша, сондай-ақ Кодекс ережелерін бұзу, сыбайлас жемқорлық және басқа да заңға қайшы әрекет фактілері бойынша ҚҚЭА Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлері, сондай-ақ Іскерлік әріптестер мен Мүдделі тұлғалар мыналарға:
- +7 (727) 2726450 / 2726470 / 2726469 (ішкі 219) телефондары бойынша ҚКБ жетекшісіне, немесе төмендегі k.baizhuman@kape.kz, электрондық ақпараттық сенім жүйесі бойынша, атын атап немесе жасырын түрде тиісті шаралар қолдану үшін жүгінуге;
 - бөлімшенің тікелей басшысына, не деңгейі бойынша келесі тікелей басшыға жүгінуге құқылы.
- Өтініш жасаған тұлғаның құқықтарына оның кез келген өтініш жасауы кезінде қысым жасалмауы тиіс.
82. Бекітілген іскерлік этика нормаларын ҚҚЭА Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлерінің бұзу жағдайлары анықталғанда шешім қабылдауға арналған материалдар ары қарайғы ҚҚЭА қатысушыларының жалпы Отырысында қаралып, шешім қабылдауы үшін, ҚҚЭА ҚКБ жіберіледі. Қаралған және қабылданған шешімдердің нәтижелері, шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш жасаған тұлғаға хабарланады.
83. ҚКБ Қызметкерлері осы Кодекс ережелерін бұзу туралы мәліметтерді қарау құпиялылығына кепілдік береді..

9. КОДЕКСТІ ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ТАНЫСУ

84. Кодексті әзірлеу үшін жауапты бөлімше мыналарды
- Қызметкерлерге қатысты - Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде онымен танысуды;
 - жаңа қабылданған Қызметкерлерге қатысты- жұмысқа қабылданған кезде Кодекспен танысуын;
 - Лауазымды тұлғаларға қатысты – олар ҚҚЭА алқалық атқарушы органына (Дирекция) сайланған кезде Кодекспен танысуын;
 - Кодекс ережелері өзгерген және толықтырылған жағдайда – қолданысқа енгізілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың олармен танысуын қамтамасыз етеді.
- Лауазымды тұлғалар мен Қызметкерлер осы Кодекстің ҚҚЭА-нің ішкі порталына салынған оның электрондық нұсқасымен міндетті түрде танысуды жүзеге асырады. ЖК мен интернет-ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндіктері жоқ Қызметкерлердің (техникалық қызметкерлер) Кодекспен танысуы Қызметкердің Танысу парағына жеке қол қоюы арқылы бөлімшенің тікелей басшысының қатысуымен жүзеге асырылады Танысу парағы ҚКБ-не электрондық нұсқада жіберіледі. Кодекске енгізілген өзгерістер/толықтырулар жөніндегі ақпараттар Лауазымды тұлғалар мен Қызметкерлерге электрондық таратылымдар арқылы жіберіледі.
85. Кодекстің ережелерін түсіндіруді ҚКБ жүзеге асырады.
86. Кодекс ашық құжат болып табылады және оны ҚҚЭА серіктестері мен кез келген басқа мүдделі тұлғалар арасында еркін таратады.

10. ҚОРЫТЫНДЫ

87. ҚҚЭА Корпоративтік мәдениет және ҚҚЭА Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлерінің Іскерлік этика деңгейінің жай-күйіне мониторинг жасауды жүзеге асырады, зерттеулер, сұраулар жүргізеді.
88. Кодексті қабылдау ҚҚЭА Дирекциясының құзыретінде. ҚҚЭА Дирекциясы өзектендіру және жетілдіру мақсатында осы Кодекс ережелерін 2 жылда бір рет қайта қарайды, олардың іс жүзінде қандай шамада іске асырылғандығын талдайды, сондай-ақ қажет болса оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

